

**Тағамға биологиялық белсенді қоспаны қолдану бойынша  
арналған нұсқаулық**

*Қолданар алдында мұқият оқып шығыңыз!*

**Өнімнің атауы**

Апилак Гриндекс

**Өндіруші:** «Гриндекс» АҚ, Крустпилс көшесі, 53, Рига, LV-1057, Латвия

Телефон: +371 67083205

Факс: +371 67083505

Электрондық пошта: grindeks@grindeks.lv

*Қазақстан Республикасы аумағында тұтынуышылардан өнім сапасына қатысты  
шагымдар қабылдайтын үйимның мекенжайы*

«Гриндекс» АҚ өкілдігі

050010, Алматы қ., Достық д-лы, Бөгенбай батыр көш. бүршы, үй 34а/87а, №1 кеңсе  
т./ф. 291-88-77, 291-13-84

эл. поштасы: grindeks.asia.kz@mail.ru

**Құрамы:** 1 таблеткасының құрамында лиофильденген апилак - 10 мг, лактоза  
моногидраты - толтырғыш, сырғымалы заттектер - тальк, кальций стеараты;  
толтырғыш, байланыстыратын заттек - картоп крахмалы.

Бір таблеткасының орташа салмағы: 150 мг.

**Шығарылу түрі**

Соруға арналған таблеткалар.

Беті және ойығы ақ немесе сарғыш реңкті ақшыл түсті, жалпақ цилиндр тәрізді қырлы  
таблеткалар. Ұсақ сары дақтары болуы мүмкін.

**Тағамдық және энергетикалық құндылығы:**

1 таблеткасының тағамдық құндылығы:

көмірсулар – 0,13 г.

1 таблеткасының энергетикалық құндылығы:

2,18 кДж/0,52 ккал.

**Қасиеттері және әрекет етуі**

Апилак немесе бал арасы аналығының сүтшесі - жас жұмысшық бал араларының  
аллотрофикалық бездерімен өндірілетін бөлінді.

Апилак – биологиялық белсенді заттектердің қоспасы, оның құрамына кіретіндер:

- дәрумендер (C, B<sub>1</sub>, B<sub>2</sub>, B<sub>5</sub>, B<sub>6</sub>, B<sub>8</sub>, B<sub>12</sub>, H, фолий қышқылы, инозитол)
- макроэлементтер (K, Na, Ca, Mg, Fe, P) және микроэлементтер (Zn, Mn, Cu, Co, S, Si, Ni, Cr, As, Bi)
- 23 түрлі амин қышқылдары, оның ішінде, алмастырылмайтындары да бар (мысалы, гистидин, валин, метионин, триптофан)
- Басқа да биологиялық белсенді заттектер (мысалы, холинэстераза ферменті, ацетилхолин медиаторы).



Жалпы ширақтық беретін әрекет етеді, организмнің инфекцияларға қарсы тұруын және күйзеліске тұрақтылығын арттырады, заттек алмасуын және бала емізетін әйелдерде сұт өндірілуін ынталандырады.

Денсаулықты қолдауда салауатты өмір салтын ұстанудың, ұдайы дene белсенділігін қолдаудың, сондай-ақ, алуан түрлі үйлесімді тамақтанудың атқаратын ролі зор.

**Қолдану аясы:** биологиялық белсенді заттектердің қосымша көзі ретінде ұсынылады, құрамына бал арасы аналығының сұтшесі кіреді, оның құрамында дәрумендер, микроэлементтер, амин қышқылдары бар, организмнің инфекцияларға қарсы тұруын және күйзеліске тұрақтылығын арттыруға, заттек алмасуын жаксартуға және бала емізетін әйелдерге сұт өндірілуін ынталандыру үшін ұсынылады.

**Қолдану тәсілі және ұсынылатын мөлшерлемесі:** ересектерге 1 таблеткадан, күніне 3 рет, 3 жастан асқан балаларға 1 таблеткадан, күніне 2 рет, 10-15 күн бойы қабылдау қажет. Таблетканы тілдің астына салып, толық ерігенге дейін ұсташа қажет (ішкен кезде асқазан сөлінің әрекет етуімен препарат бұзылысқа ұшырауы мүмкін).

### **Қолдану ерекшеліктері**

Толыққұнды және үйлесімді тамақтанудың алмастырышы ретінде қолдануға болмайды!

Ұсынылатын тәуліктік мөлшерлемесінен арттыруға болмайды!

### **Қолдану кезіндегі сақтық шаралары**

ББҚ қолданар алдында жүктілік кезінде дәрігермен кеңескен жөн.

Апилак Гриндекс таблеткаларында лактоза бар. Сирек кездесетін, галактозаны туа біткен көтере алмаушылығы, Lapp лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза малабсорбциясы болатын адамдар бұл биологиялық белсенді қоспаны қабылдамауы тиіс.

**Қарсы көрсетімдері:** кешеннің қандай да бір құрамдас бөлігіне немесе ара шаруашылығының басқа өнімдеріне асқан сезімталдықта, сондай-ақ, Аддисон ауруына шалдыққан адамдарға қолдануға болмайды.

З жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды.

### **Жанама әсері**

Асқан сезімталдығы болатын адамдарда аллергиялық серпін, ауыздың күргауы, тахикардия, үйқы бұзылысы болуы мүмкін. Аллергиялық симптомдар пайды болуында Апилак Гриндекті қолдануды тоқтату қажет. Ауыздың күргауы тахикардия үйқы бұзылысы пайды болғанда мөлшерлемесін азайту немесе Апилак Гриндекті қолдануды тоқтату қажет.

### **Жарамдылық мерзімі**

2 жыл.

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Сақтау шарттары**

Күн сәулесінен қорғалған жерде, 25°C-тан аспайтын температурада сақтау қажет. Балалардың қолы жетпейтін және балаларға көрінбейтін жерде сақтау қажет!



Қаптамасы

25 таблеткадан, поливинилхлоридті үлбір қабығы және алюминийлік фольгасы бар, контурлы ұшықты қалтамада.

1 контурлы ұшықты қаптамадан, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулығымен бірге картон пачкеге салынған.

Мәтіннің түзетілген күні: шілде, 2016 ж.

